

## Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандығы № 561-IV Заңымен МАЗМҰНЫ

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2012.02.16 № 561-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттілігіне және әскери қызметіне қатысты қоғамдық қатаинастарды реттейді.

### 1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әскери қызмет - Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы әскери қызметшілердің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі;

2) әскери қызметшілер - Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары ;

3) әскери міндеттілер - әскери есепте тұратын және әскери есепте тұрудың шекті жасына дейін запаста болатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) әскери атақ - әскери қызметші мен әскери міндеттіге берілетін әскери айрым б е л г і с і ;

5) әскери міндеттілік - Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі конституциялық міндеттілігі;

6) әскери киім нысаны - әскери қызметшілердің Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тиістілігін айқындайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген погоны бар нысанды киім ( киім - кешек ) мен жабдықтар ;

7) шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер - мерзімді әскери қызметке шақырылған, сондай-ақ офицерлер құрамылауазымдарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары;

8) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер - Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке ерікті түрде кірген Қазақстан Республикасының азаматтары;

9) әскери лауазым - Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемесінің әскери атағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген лауазымдық өкілеттіктер мен міндettter жүктелген құрылымдық біrlіgі;

10) әскери жиындар - әскери қызметшілердің әскери даярлығы, әскери білімін жетілдіру жөнінде, сондай-ақ әскери міндettілердің жауынгерлік және жұмылдыру дайындығын арттыру мақсатында оларды әскери бөлімдерге шақыра отырып, Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда жүргізілетін іс-шаралар;

11) әскери есеп - әскери қызметшілердің, әскерге шақырылатын және жұмылдырылатын, ресурстардың есебін жүргізу және оларды талдау жүйесі;

12) әскери тағылымдама - практикалық дағдыларды менгеру және жетілдіру, офицерлердің даярлау бағдарламасы бойынша алған білімдерін тереңдету және орнықтыру;

13) тәрбиеленушілер - әскери даярлық бойынша қосымша білім беру бағдарламалары бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім беру ұйымдарында оқытуын Қазақстан Республикасының азаматтары;

14) жалпыға бірдей әскери оқыту - соғыс жағдайы енгізілген кезеңде Қазақстан Республикасының азаматтарын бастапқы әскери даярлыққа міндettі оқыту;

15) әскер жасына дейінгілер - әскери есепке алынғанға дейін әскери қызметке даярлықтан өтетін ерекк жынысты азаматтар;

16) әскери міндettілерінің запасы (зapas) - аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарында әскери есепте тұратын, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды толықтыра жасақтау, өрістету және шығынының орнын толтыру мақсатында пайдаланылатын әскери міндettілер;

17) әскери қызметі өткеру туралы келісім-шарт (бұдан әрі - келісім-шарт) - әскери қызметті қамтамасыз ету және өткеру мүддесі үшін тараптардың міндettемелері мен жауапкершілігін белгілейтін шарт;

18) курсанттар - оқу-жаттығу бөлімдерінде (орталықтарында), орта немесе жоғары әскери оқу орындарында оқытын сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамының әскери қызметшілері;

19) жұмылдыру - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, халқын, аумағы мен экономикасын (жалпы жұмылдыру) немесе олардың қайсыбір бөлігін (ішінара жұмылдыру) соғыс жағдайы режиміне көшірумен байланысты жалпымемлекеттік іс-шаралар кешені;

20) бастапқы әскери даярлық - әскери іс және адамның қауіпсіздігі мен тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету негіздері бойынша міндettі оқыту пәні (оку п ө н і ) ;

21) үйымдық-штаттық іс-шаралар - Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда өткізілетін штаттарды құру, тарату, орын ауыстыру, қайта жасақтау, бағыныстылығын өзгерту, ұлғайту мен қысқарту жөніндегі іс-шаралар;

22) кейінге қалдыру - азаматтарды әскери қызметке шақыруды осы Занда көзделген негіздер бойынша кейінге қалдыру;

23) отставка - әскери қызметшілерді әскери қызметтен босату немесе запаста болудың шекті жасына жеткен әскери міндettілерді әскери есептен шығару не әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарды әскери есептен шығара отырып әскери қызметтен босату;

24) офицерлер - офицерлер құрамының тиісті әскери атағы берілген әскери қ ы з м е т ш і л е р ;

25) тексеру жиындары - соғыс уақытының үйымдық-штаттық құрылымындағы міндettілерді орындауға арналған әскери бөлімдердің даярлығын тексеру мақсатында өткізілетін әскери жиындар түрі;

26) әскерге шақырылышылар - аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарының шақыру участекелеріне тіркелген және мерзімді әскери қызметтен өту үшін Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға шақыруға жататын ерекк жынысты азаматтар ;

27) шақыру участекі - аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары азаматтарды әскерге шақыру және шақыру участекелеріне тіркеу кезеңінде құратын участеке;

28) шақыру пункті - азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеу және әскери қызметке шақыру кезеңінде оларды медициналық қуәландырудан өткіzetін, сондай-ақ әскери-патриоттық және спорттық-көпшілік жұмысты жүргізетін п у н к т ;

29) запаста болу - әскери міндettілердің әскери есепке және әскери есепте болған кезеңінде әскери жиындарда қызмет өткеруге байланысты міндettілерді а т қ а р у ы ;

30) жиын пункті - әскерге шақырылышыларды бақылау медициналық қуәландырудан өткізу, медициналық көмек көрсету, әскери-патриоттық, спорттық-көпшілік жұмысты жүргізу, Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскерге шақырылышылардың командаларын құру және жөнелту п у н к т і ;

31) сержанттар (старшиналар) - сержанттар (старшиналар) құрамының әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

32) сарбаздар (матростар) - сарбаздар (матростар) құрамының әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

33) тындаушылар - жоғары әскери оқу орындарында, офицерлер құрамының білімін жетілдіру (қайта даярлау) курстарында оқытын офицерлер құрамының әскери қызметшілері;

34) арнайы жиындар - төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды орындау мақсатында және Қазақстан Республикасының Президенті айқындастын өзге де жағдайларда өткізілетін әскери жиындар түрі;

35) мерзімді әскери қызмет - ерекк жынысты азаматтарды осы Заңда айқындалған тәртіппен Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға шақыруға негізделген әскери қызмет;

36) оқу-жаттығу жиындары - әскери міндеттілерді даярлау мен қайта даярлау мақсатында өткізілетін әскери жиындар түрі.

**Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрақты.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсө, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Әскери міндеттілік мазмұны**

1. Әскери міндеттілік азаматтарды әскери мамандықтар бойынша даярлау және бейбіт кезде және соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленеді.

2. Әскери міндеттілік:

- 1) азаматтарды әскери қызметке даярлауды;
- 2) азаматтарды әскери есепке алу мен шақыру учаскелеріне тіркеуді;
- 3) әскери қызметке шақыруды;
- 4) әскери қызметті өткеруді; Р060777
- 5) запаста болуды;
- 6) запаста болған кезеңінде әскери жиындардан өтуді;
- 7) соғыс жағдайын енгізу кезеңінде азаматтарды жалпы әскери оқытуды

## **қ а м т и д ы .**

3. Әскери міндеттілікті атқару тегіне, әлеуметтік, қызметтік және мүліктік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, саяси және өзге де сенім-нанымына, қоғамдық бірлестіктерге тиістілігіне, тұрғылықты жеріне  
**б а й л а н ы с т ы** **б о л м а й д ы .**

4. Азаматтар осы Заңда көзделген негіздер бойынша әскери міндеттіліктен  
**б о с а т ы л а д ы .**

5. Әскери міндеттілікке қатысы бойынша азаматтар әскер жасына дейінгілер, әскерге шақырылушылар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер және әскери міндетті еместер санаттарына бөлінеді.

### **4-бап. Әскери қызмет мазмұны**

1. Әскери қызмет Қазақстан Республикасының азаматтары үшін Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда белгіленеді.

#### **2. Ә ск е р и қ ы з м е т :**

- 1) шақыру бойынша әскери қызметті;
- 2) келісім-шарт бойынша әскери қызметті қамтиды.

#### **Шақыру бойынша әскери қызметке:**

1) сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамының мерзімді  
**ә ск е р и** **қ ы з м е т і ;**

2) осы Заңның 24-бабына сәйкес шақырылған офицерлердің әскери қызметі;

3) жұмылдыру, соғыс жағдайы, соғыс уақыты және әскери жиындардан өту  
**к е з і н д е г і** **ә ск е р и** **қ ы з м е т** **ж а т а д ы .**

#### **Келісім-шарт бойынша әскери қызметке:**

1) сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) және офицерлер құрамының лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметін өткеретін  
әскери **қ ы з м е т ш і л е р д ің** **ә ск е р и** **қ ы з м е т і ;**

2) әскери оқу орындары курсанттарының және тыңдаушыларының әскери  
**қ ы з м е т і** **м е н** **о қ у ы** **ж а т а д ы .**

3. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер әскери қызмет  
**м і н д е т т е р і н** **а т қ а р а д ы .**

4. Азаматтардың ішкі істер, қаржы полициясы органдарының, қылмыстық-атқару жүйесі, арнаулы мемлекеттік органдардың оқу орындарының және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өрт-техникалық оқу орындарының күндізгі оқу бөлімдерінде оқыған уақыты мерзімді әскери қызметті **өткөруге** **т ең е стіріл еді .**

5. Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының халқына адалдығы  
**т у р а л ы** **ә ск е р и** **а н т** **қ а б ы л д а й д ы .**

Бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндеттілер оны әскери жиындарға  
және **жұмылдыруға** **шақырылған** **к е з д е** **қ а б ы л д а й д ы .**

6. Осы Заңмен айқындалған тәртіппен азаматтар әскери қызметтен кейінге қалдырылуы немесе әскери қызметтен босатылуы мүмкін.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**5-бап. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау**

1. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жеке құрамы әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарынан тұрады.

2. Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар шақыру бойынша әскери міндептілік негізінде аумақтан тыс және аумақтық принциптерді ұштастыра отырып және осы Заңда белгіленген тәртіппен әскери қызметке (келісім-шарт бойынша) кіру жолымен әскери қызметшілерден жасақталады.

Азаматтық персонал Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес қабылданады.

3. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды соғыс жағдайы енгізілген кезде, соғыс уақытында жасақтау әскери қызметке шақыру негізінде жүзеге асырылады.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды соғыс уақытындағы құрамы мен санына дейін толықтыра жасақтау және өрістету үшін бейбіт уақытта әскери міндептілер қатарынан әскери үйретілген резерв құрылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 N 253, 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**6-бап. Әскери қызметшілер мен әскери міндептілер құрамы**

Әскери қызметшілер мен әскери міндептілер:

1) сарбаздар (матростар)

2) сержанттар (старшиналар);

3) офицерлер құрамдарына бөлінеді.

**7-бап. Әскери атақтар**

1. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда мынадай әскери атақтар белгіленеді:

**ӘСКЕРИ КЕМЕЛІК  
САРБАЗДАР (МАТРОСТАР) ҚҰРАМЫ**

қатардағы жауынгер

матрос

ефрейтор

аға матрос

### **СЕРЖАНТТАР (СТАРШИНАЛАР) ҚҰРАМЫ**

кіші сержант

екінші сатылы старшина

сержант

бірінші сатылы старшина

аға сержант

бас старшина

үшінші сыныпты

үшінші сыныпты

сержант

старшина

екінші сыныпты

екінші сыныпты

сержант

старшина

бірінші сыныпты

бірінші сыныпты

сержант

старшина

штаб-сержант

штаб-старшина

шебер-сержант

шебер-старшина

### **ОФИЦЕРЛЕР ҚҰРАМЫ**

#### **КПШ ОФИЦЕРЛЕР ҚҰРАМЫ**

лейтенант

лейтенант

аға лейтенант

аға лейтенант

капитан

капитан-лейтенант

#### **АҒА ОФИЦЕРЛЕР ҚҰРАМЫ**

майор

үшінші дәрежелі капитан

подполковник

екінші дәрежелі капитан

полковник

бірінші дәрежелі капитан

#### **ЖОҒАРЫ ОФИЦЕРЛЕР ҚҰРАМЫ**

генерал-майор

контр-адмирал

генерал-лейтенант

вице-адмирал

генерал-полковник

адмирал

армия генералы

2. Медициналық немесе заңгерлік әскери-есептік мамандығы бар офицерлер үшін әскери атақтарына тиісінше "медицина қызметінің", "әділет" деген сөздер қосылады, Авиацияның (инженерлік-авиациялық даярлығы бар үшү, инженерлік) жоғары офицерлер құрамы үшін әскери атақтарына "авиация" деген сөз қосылады.

Запастағы азаматтардың әскери атақтарына "запастағы" деген сөз, ал отставкадағыларға "отставкадағы" деген сөз қосылады.

3. Әскери қызметшілер мен әскери міндептілерге әскери атақтар беру, мерзімінен бұрын беруді қоса алғанда, әскери атағын төмендету, әскери атағынан айыру Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Әскери қызмет өткери ережелеріне (бұдан әрі - Әскери қызмет өткери ережелері) сәйкес

жүзеге

асырлады.

Әскери атағынан айырылған азаматқа, сондай-ақ әскери атағы төмендетілген әскери қызметшіге Әскери қызмет өткеру ережелеріне сәйкес әскери атақ берілуі немесе қалпына келтірілуі мүмкін.

**РҚАО-ның әскертпесі!**

**4-тармақ 2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі.**

4. Әскери атақтарда еңбек сінірген мерзімі былай белгіленеді:
- |                                   |                  |               |
|-----------------------------------|------------------|---------------|
| сарбаздар (матростар) құрамына    | - белгіленбейді; |               |
| сержанттар (старшиналар) құрамына | - белгіленбейді; |               |
| офицерлер құрамына:               |                  |               |
| лейтенанттарға                    | - екі жыл;       |               |
| аға лейтенанттарға                | - үш жыл;        |               |
| капитандарға                      | (капитан -       |               |
| лейтенанттарға)                   | - төрт жыл;      |               |
| майорларға (үшінші дәрежелі       | - бес жыл;       |               |
| капитандарға)                     |                  |               |
| подполковниктерге (екінші         | - жеті жыл       |               |
| дәрежелі капитандарға)            |                  |               |
| полковниктерге (бірінші           | дәрежелі         | капитандарға) |
| және одан жоғарыларға             | - белгіленбейді. |               |

5. Арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматқа әскери қызметке кірген кезде қайта аттестаттау тәртібімен қазіргі бар арнайы атағынан төмен емес әскери атақ беріледі.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **8-бап. Әскери лауазымдар**

1. Әскери қызметші әскери атағы сәйкес келуге тиіс әскери лауазымға тағайындалады. Бұл ретте әскери лауазым Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларға орай айқындалады.

2. Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы әскери лауазымдар мен оларға сәйкес келетін әскери атақтар тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

- 3 . Ә ск е р и лауазымдар :
- 1 ) сарбаздар (матростар);
  - 2 ) сержанттар (старшиналар);
  - 3 ) офицерлер ;

4) курсанттар мен тыңдаушылар лауазымдарына бөлінеді.

4. Әскери қызметшілерді қызметке тағайындау, ауыстыру, қызметінен босату және шығару Әскери қызмет өткеру ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

### 5 . Ә ск е р и қ ы з м е т ш і :

1) оны басқа қызметке тағайындаған кезде командирдің (бастықтың) билігінде болса - екі айдан аспайтын уақыт;

2) ұйымдық-штаттық іс-шаралардың өткізуіне байланысты командирдің (бастықтың) билігінде болса - үш айдан аспайтын уақыт;

3) әскери қызметшіге қатысты қылмыстық іс қозғалуға байланысты командирдің (бастықтың) билігінде болса - қылмыстық іс бойынша шешім шыққана

д е й і н ;

4) Әскери қызмет өткеру ережелеріне сәйкес мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігі мүддесіндегі жұмыстарды орындау мақсатында мемлекеттік органдар мен ұйымдарға іссапарға жіберілген жағдайларда, әскери емес лауазымдарда әскери қызмет өткеруі мүмкін.

### 9-бап. Ә ск е р и қ ы з м е т ш і л е р д ің ә ск е р и киім нысаны мен айырым белгілері

1. Әскери қызметшілерге және запастағы азаматтарға олар әскери жиындардан өткен кезде әскери атақтары, әскер түрлері мен тектері бойынша айырым белгілері бар әскери киім нысаны белгіленеді.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери киім нысаны мен айырым белгілерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әскери нысанды киіммен жабдықтау нормаларын Қазақстан Республикасының Укіметі айқындейді.

Әскери нысанды киіп жүру ережелерін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейді, ал әскери нысанды киімнің жекелеген заттары мен айырым белгілерін тағып жүру ерекшеліктерін басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірінші басшылары белгілейді.

2. Әскери нысанды киіп жүруге құқығы жоқ азаматтардың оны киіп жүруіне тыйым салынады.

## 2-тaraу. АЗАМАТТАРДЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛАУ

### 10-бап. Азаматтарды әскери қызметке даярлау

1. Азаматтарды әскери қызметке даярлау - әскер жасына дейінгі және әскер жасындағы, азаматтарды әскери қызметтің негіздеріне үйрету мақсатында олармен міндетті түрде жүргізілетін іс-шаралар кешені.

2. Азаматтарды әскери қызметке даярлау:

- 1) бастапқы әскери даярлықты;  
2) әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлауды;  
3) жалпы орта білім беру үйымдарында қосымша білім беру бағдарламалары  
бойынша әскери даярлауды;  
4) жоғары білім беру үйымдарында запастағы офицерлер бағдарламасы  
бойынша әскери даярлауды;  
5) дене шынықтыруды, медициналық көмекті, әскери-патриоттық тәрбиені  
қамтиды.

3. Азаматтарды әскери қызметке даярлауды Қазақстан Республикасының  
Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік үйымдар үйымдастырыады және  
қамтамасыз етеді.

4. Үйымдардың басшылары әскер жасына дейінгілер мен әскерге  
шақырылуышылардың әскери қызметке даярлықтан өтуін қамтамасыз етуге  
міндетті.

5. Азаматтарды әскери қызметке даярлау ісінің үйымдастырылуы мен  
өткізуін бақылауды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүзеге  
асырады.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа  
енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **11-бап. Бастапқы әскери даярлық**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жалпы  
орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын  
іске асыратын білім беру үйымдарында азаматтармен бастапқы әскери даярлық  
жүргізіледі.

2. Әскерге шақыруға жататын және бастапқы әскери даярлықтан өтпеген  
азаматтар тиісті жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша одан  
мерзімді әскери қызметке шақырылар алдында өтеді.

3. Бастапқы әскери даярлықтың өткізуіне бақылауды Қазақстан  
Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы Қазақстан  
Республикасының Қорғаныс министрлігімен және басқа да мұдделі мемлекеттік  
органдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

4. Төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган, Қорғаныс министрлігі,  
Қазақстан Республикасының деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органы  
бастапқы әскери даярлықтың практикалық сабактарын үйымдастыруға,  
оқу-материалдық базасын құруға көмек көрсетеді.

5. Бастапқы әскери даярлықты үйымдастыру мен өткізу тәртібін Қазақстан  
Республикасының Үкіметі айқындаиды.

**Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа**

енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**12-бап. Азаматтарды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау**

1. Әскери-техникалық мамандық бойынша даярлыққа денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды, он жеті жарым жастан жиырма алты жасқа дейінгі азаматтар тартылады.

Әскерге шақырылышылар оқуын бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке шақырылуда жатады.

2. Өндірістен қол үзе отырып әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлықтан өтіп жатқан әскерге шақырылышылардың оқу кезеңінде жұмыс орны, атқаратын қызметі сақталады.

**13-бап. Білім беру үйымдарында азаматтарды қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери даярлау**

1. Республикалық әскери мектеп-интернаттар (лицейлер) және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің бағдарламаларын іске асыратын өзге де білім беру үйымдары қосымша білім беру бағдарламалары бар білім беру үйымдары болып табылады.

2. Әскери даярлықтан өту және тәрбиеленушілерді ризықтың барлық түрлерімен қамтамасыз ету тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**14-бап. Жоғары білім беру үйымдарында азаматтарды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау**

1. Азаматтарды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау мемлекеттік тапсырысқа сәйкес әскери кафедраларда алған жоғары білімі негізінде жүргізіледі.

2. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын бітірген және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін әскери тағылымдамадан өткен азаматтарға Әскери қызмет өткеру ережелеріне сәйкес лейтенант әскери атағы беріледі.

3. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын бітірген және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін әскери тағылымдамадан өтпеген азаматтарға сержант әскери атағы беріледі.

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери-есептік мамандықтардың тізбесін, азаматтарды әскери кафедраларда даярлау жүзеге асырылатын оқу бағдарламаларын, запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша

әскери даярлықтан өткісі келетін азаматтардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ әскери кафедраларды әскери-техникалық мүлікпен және қару-жараппен қамтамасыз етеді.

5. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша азаматтардың әскери даярлықтан өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

**Ескерту. 14-баптың тақырыбы мен мәтінге өзгерту енгізілді - КР 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **15-бап. Дене шынықтыру. Медициналық көмек.**

#### **Әскери-патриоттық тәрбие**

Әскер жасына дейінгілер мен әскерге шақырылушылардың дене шынықтыруын, оларға көрсетілетін медициналық көмекті, әскери-патриоттық тәрбиені жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және олар дене шынықтыру-спорт ұйымдарында, денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

### **3-тарау. ӘСКЕРИ ЕСЕП.**

#### **АЗАМАТТАРДЫ ШАҚЫРУ УЧАСКЕЛЕРИНЕ ТІРКЕУ**

##### **16-бап. Әскери есептің жалпы ережелері**

###### **1. Мыналарды:**

- 1) әскери-есептік мамандығы жоқ әйелдерді;
- 2) осы Заңға сәйкес әскери міндетті атқарудан босатылған адамдарды;
- 3) бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан адамдарды;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары әскери есепке тұруға жатады.

2. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың әскери есебін олардың тұрғылықты жері бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады, ал олар жоқ елді мекендерде әскери есепті кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтің әкімдері қамтамасыз етеді.

3. Әскери есеп тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың әскери есебін жүргізу ережелерімен (бұдан әрі - Әскери есеп ережелері) айқындалады.

4. Арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тындаушыларын қоса алғанда, қатардағы немесе басшылық құрамның лауазымдарына тағайындалған не прокуратура органдары, ішкі істер, қаржы полициясы органдары, кеден органдары, қылмыстық-атқару жүйесі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының (мекемелерінің) кадрларына есепке алынған әскери міндеттілер

мен әскерге шақырылушылар әскери есептен шығарылады және Әскери есеп ережелерінде белгіленген тәртіппен аталған органдарда арнайы есепте тұрады.

5. Қарулы Құштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызмет өткөріп жүрген әскери қызметшілер тиісті әскери бөлімдер мен мекемелерде есепке алынуға тиіс. Оларды есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасы Корғаныс министрі, сондай-ақ басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірінші басшылары белгілейді.

6. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары осы Занға және Әскери есеп ережелеріне сәйкес азаматтардың әскери есебін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2008.05.26 N 34-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 N 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **17-бап. Азаматтарды шақыру участеклеріне тіркеу**

1. Азаматтарды шақыру участеклеріне тіркеу - тиісті жергілікті атқарушы органдар әскер жасына дейінгілерді әскери есепке қою үшін жергілікті әскери басқару органдары арқылы жүргіzetін әскери есеп іс-шаралары.

2. Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын ерекк жынысты азаматтар шақыру участеклеріне тіркелуге жатады.

Шақыру участеклеріне тіркеу жыл сайын қантар-наурызда:

- 1) азаматтарды әскери есепке алу;
- 2) олардың санын анықтау;
- 3) әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайын анықтау;
- 4) жалпы білім деңгейін және мамандығын белгілеу;
- 5) дene даярлығы деңгейін анықтау;
- 6) әскерге шақырылушыларды алдын ала белгілеу;

7) әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеу мақсатында жүргізіледі.

3. Азаматтарды шақыру участеклеріне тіркеуді тиісті жергілікті әскери басқару органдары арқылы аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), респубикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдері ұйымдастырыады және қамтамасыз етеді.

4. Кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері және ұйымдардың басшылары жыл сайын Қазақстан Республикасының Корғаныс министрлігі белгілеген мерзімде тиісті жергілікті әскери басқару органдарына шақыру участеклеріне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілердің тізімін береді.

5. Азаматтарды шақыру участекелеріне тіркеуді жүргізу үшін аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аудандарында шақыру участекелері және құрамында:

комиссия төрағасы - тиісті жергілікті әскери басқару органының бастығы;

комиссия төрағасының орынбасары - жергілікті атқарушы органның уәкілетті  
өкілі;

#### к о м и с с и я                          мұ ш е л е р і :

тиісті ішкі істер департаменті (бөлімі) бастығының орынбасары;

медицина қызметкерлерінің жұмысына басшылық жасайтын дәрігер -  
медицинадылық комиссияның төрағасы;

хатшысы бар тіркеу жөніндегі комиссия құрылады.

Тіркеу жөніндегі комиссияның дербес құрамын және оның жұмыс тәртібін жыл сайын тиісті жергілікті атқарушы орган бекітеді.

6. Шақыру участекелеріне тіркелу кезінде азаматтар әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережелерінде (бұдан әрі - Әскери-дәрігерлік сараптама ережелері) айқындалған тәртіппен медициналық  
к о м и с с и я д а н                                  ө т е д і .

Медициналық комиссиядан өткен азаматтар тіркеу жөніндегі комиссияның шешімімен әскерге шақырылышылардың әскери есебіне алынады, ал әскери-медицинадылық комиссияның шешімімен әскери есептен шығарыла отырып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтар әскери есепке алынбайды.

7. Он жеті жақта толатын жылдының 1 сәуіріне дейін дәлелді себептерсіз әскери есепке тұрмаған әскерге шақыру жасына дейінгілер әскери есепке қоюдан жалтарғандар деп есептеледі.

8. Азаматтар әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақтала отырып, жұмыстан (окудан) босатылады.

9. Тіркеуді жүргізу тәртібі Әскери есеп ережелерімен айқындалады.

#### 18-бап. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және әскери міндеттілердің Әскери есеп ережелерін орындау жөніндегі міндеттері

1. Кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері және ұйымдардың басшылары әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды олардың аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарына шақырылғаны туралы хабардар етуге және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері және ұйымдардың басшылары өз құзыretі шегінде:

1) әскери-есептік құжаттарында жергілікті әскери басқару органдарының әскери есепке алғаны (әскери есептен шығарғаны) туралы белгілері болған кезде әскери қызметшілерді, әскери міндettілер мен әскерге шақырылушыларды түрғылықты жері бойынша тіркеуді (тіркеуден шығаруды) жүзеге асыруға;

2) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті жергілікті әскери басқару органдарына әскери міндettілердің, әскерге шақырылушылар мен әскер жасына дейінгілердің сандық құрамын растайтын құжаттар беруге;

3) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарына әскер жасына дейінгілерді әскери есепке алуда, азаматтарды әскери қызметке (әскери жиындарға) шақыруды жүргізуде көмек көрсетуге;

4) әскери қызметшілердің, әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылардың Әскери есеп ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыруға міндettі.

3. Ішкі істер органдары әскери міндettтерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыretі шегінде жүзеге асыруға міндettі.

4. Азаматтық хал актілерін жазу органдары аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарына әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылардың тегін, атын және әкесінің атын, туған күні мен туған жерін өзгертукені туралы, сондай-ақ әскери міндettінің немесе әскерге шақырылушының қайтыс болғаны тіркелген жағдайлар туралы жеті күн мерзім ішінде хабарлауға міндettі.

5. Анықтау және алдын ала тергеу органдары жеті күн мерзім ішінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарына оларға қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырылушылар мен әскери міндettілер туралы, ал сottар оларға қатысты қылмыстық істерді сот қарап жатқан әскерге шақырылушылар мен әскери міндettілер туралы, оларға қатысты занды күшіне енген үкімдер туралы хабарлауға міндettі.

6. Халықты әлеуметтік қорғау органдары жеті күн мерзім ішінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарына мүгедек деп танылған барлық әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылар туралы хабарлауға міндettі.

7. Денсаулық сақтау ұйымдары шақыру өткізуді бастар алдында жергілікті әскери басқару органдарының сұрау салуы бойынша стационарлық емдеудегі және диспансерлік есепте түрған әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылар туралы мәліметтерді хабарлауға міндettі.

8. Әділет органдары Қазақстан Республикасының азаматтары ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органына әскери есепке қою немесе әскери есептен шығару туралы мәліметтер берген жағдайда, оларды тұрғылықты жері бойынша тіркеуді (тіркеуден шығаруды) жүзеге асыруға міндettі.

9. Әскери міндettілер мен әскерге шақырылушилар тегін, атын, әкесінің атын, отбасы жағдайын, денсаулық жағдайын (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылған), тұрған жерін, білімін, жұмыс орны мен қызметін езгертуден жағдайда, өздері әскери есепте тұрған ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органын жеті күн мерзімде хабардар етуге міндettі.

## **4-тaraу. АЗАМАТТАРДЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ**

### **19-бап. Азаматтарды әскери қызметке шақыру**

1. Азаматтарды әскери қызметке шақыру - Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды міндettі негізде құраммен жасақтауды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыру:

- 1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды;
- 2) запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруды;
- 3) әскери жиындарға шақыруды;
- 4) жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында шақыруды қамтиды.

3. Азаматтардың әскери қызметке шақырылуын жүргізуі тиісті жергілікті әскери басқару органдары арқылы жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін осы Занда белгіленген тәртіппен шақыру комиссиялары құрылады.

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Ұйымдардың басшылары шақырылуға жататын азаматтарды іссапарлардан (демалыстардан) шақырып алуға, олардың хабардар етілуін және шақыру участкесіне уақтылы келіп жетуін ұйымдастыруға міндettі.

5. Уақытша шетелде тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру олар Қазақстан Республикасына тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып келген соң, кейінге қалдырылу немесе босатылу құқығы болмаса, осы Занда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Азамат облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті әскери басқару органы бастығының оны әскери қызметке шақыру

туралы бүйрығы шығарылған кезден бастап әскери қызметке шақырылған болып есептеледі.

## **20-бап. Шақыру комиссиялары**

1. Шақыру комиссиялары әскерге шақыруды өткізу кезеңіне жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша осы Заңның 17-бабының 5-тармағында айқындалған құрамда құрылады. Оларға мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері де кіруі мүмкін. Шақыру комиссиясының сандық құрамы тақ болуға тиіс.

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесін жергілікті атқарушы орган бекітеді.

2. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) шақыру комиссиясы:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау мен бақылауды жүзеге асырады;

2) азаматтардың әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдырудың және одан босатылуының дұрыстығын тексереді;

3) қызмет өткеретін жерге жіберілер алдында әскери қызметке шақырылған азаматтардың және әскери оқу орнына түсетін азаматтардың медициналық тексеруден өтуін ұйымдастырады;

4) әскери қызметке жарамдылығы (жарамсыздығы) жөніндегі қорытындымен келіспейтіні туралы арыз берген азаматтарды қайтадан медициналық куәландаудан өткізеді;

5) аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) шақыру комиссияларының шешімдеріне азаматтар берген шағымдар мен өтініштерді қарайды;

6) аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) шақыру комиссиялары шешімдерінің күшін жояды.

3. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясы әскерге шақырылушыларды және әскери оқу орындарына түсетін азаматтарды медициналық куәландаудан өткізеді.

Медициналық куәландауру нәтижелері бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясы әскерге шақырылушыға қатысты:

1) әскери қызметке шақыруға жатқызады;

2) әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырылсын;

3) әскери қызметке шақырудан босатылсын;

4) әскери міндеттілігін атқарудан босатылсын деген шешімдердің бірін қабылдайды.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясы әскери оқу орындарына түсетін азаматқа қатысты оны конкурстық оқуға түсі емтихандарын тапсыру үшін әскери оқу орнына жіберу туралы немесе оған жіберуден бас тарту

т у р а л ы

ш е ш і м

қ а б ы л д а й д ы .

Шақыру комиссиясының шешімі әскери қызметке шақыруға жатқызылған азаматқа хабарланады, шешімнің көшірмесі оның қалауы бойынша қолына беріледі.

Азамат шақыру комиссиясының шешіміне сот тәртібімен немесе облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) шақыру комиссиясына шағымдана алады. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) шақыру комиссиясына алдын ала жүгіну сотқа жүгіну үшін міндettі шарт болып табылады.

Арыздар облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) шақыру комиссиясында және сотта бір мезгілде қаралған кезде облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) шақыру комиссиясы арызды қарауды соттың шешімі күшіне енгенге дейін тоқтата тұрады.

Соттың шешімін тиісті шақыру комиссиялары міндettі түрде орындауға тиіс.

4. Қорғаныс министрі және басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірінші басшылары денсаулық жағдайына байланысты әскери қызметке жарамсыз адамдарға қатысты әскерге шақыру туралы шақыру комиссиясы шешімінің күшін жоюға және оларды әскери ант қабылдағанға дейін шақыру комиссияларына қайтаруға күкілді.

### **21-бап. Медициналық комиссиялар**

1. Әскерге шақырылушыларды және әскери оқу орындарына түсетін азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу үшін шақыру комиссияларының құрамында медициналық комиссиялар құрылады.

2. Медициналық комиссиялар әскерге шақырылушыларды және әскери оқу орындарына түсетін азаматтарды медициналық куәландырудың нәтижелері бойынша олардың әскери қызметке жарамдылық деңгейі туралы қорытынды береді.

3. Медициналық куәландырудың тәртібі және медициналық комиссиялардың құрамы Эскери-дәрігерлік сараптама ережелерімен айқындалады.

### **22-бап. Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтардың міндettілігі**

Әскери қызметке шақыруға жататын азаматтар жергілікті әскери басқару органының шақыру қағазы бойынша шақыру комиссиясына келуге міндettі. Шақыру қағазын азаматтың жеке өзіне жергілікті әскери басқару органдарының лауазымды адамдары немесе жұмыс (оқу) орны бойынша үйымның басшысы қол қойғызып тапсырады.

Шақыру қағазын азаматтың жеке өзіне тапсыру мүмкін болмаған жағдайда, оның келуін қамтамасыз ету тиісті ішкі істер органына жүктеледі.

### **23-бап. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру**

1. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жылына екі рет жүргізіледі.

Он сегізден жиyrма жеті жасқа дейінгі, шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті мөлшерде мерзімді әскери қызметке шақыруға жатады.

2. Оқу орындарынан шығарылған, сондай-ақ осы Заңының 16-бабының 4-тармағында көрсетілген, жиyrма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермен азаматтар осы Заңға сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыруға жатады.

#### **24-бап. Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру**

Жиyrма тоғыз жасқа дейінгі, әскери қызметке жарамды запастағы офицерлер уәкілетті органдардың өтінімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде бейбіт уақытта офицерлер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткери үшін шақырылады.

#### **25-бап. Әскери міndettілерді әскери жиynдарға шақыру**

Әскери міndettілер әскери жиynдарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде шақырылады.

#### **26-бап. Азаматтарды жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында шақыру**

1. Азаматтарды жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының негізінде және осы Заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған әскери міndettілер мен әскерге шақырылушыларға жұмыс, қызмет орны бойынша толық есеп айырысу жүргізіледі, нақты жұмыс істеген уақыты үшін жалақы, шығу жәрдемақысы және пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы төлемдері төленеді. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында шақырылған азаматтарға өздері тұрған тұрғын алаң сақталады. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған азаматтардың отбасыларын мемлекеттік қамсыздандыру (жәрдемақылар, зейнетақылар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар жұмылдыруды өткізу кезінде және соғыс уақытында әскери міndettілер мен әскерге шақырылушылардың уақытын хабардар етілуін және жиын пункттеріне немесе әскери бөлімдерге жеткізілуін қамтамасыз етуге міndettі.

**Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 253 Заңымен.**

## **27-бап. Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру**

1. Азаматтарды әскери қызметке шақыру аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) шақыру комиссиясының шешімі бойынша кейінге қалдырылады.

Мынадай негіздер бойынша:

- 1) отбасы жағдайы бойынша;
- 2) білімін жалғастыру үшін;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша;
- 4) басқа да себептер бойынша кейінге қалдырылуы мүмкін.

2. Отбасы жағдайына байланысты:

1) басқа адамның көмегіне мұқтаж және толық мемлекеттік күтімге алынбаған отбасы мүшелерін күтумен айналысадын, онымен бірге немесе бөлек тұратын жақын туыстары немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұратын басқа да адамдар болмаған жағдайда, заң бойынша аталған отбасы мүшелерін асырауға м і н д е т т і

**а з а м а т т а р д ы ;**

**м ы н а л а р :**

әкесі, анасы, әйелі, сондай-ақ әскерге шақырылушының ата-анасы болмаған жағдайда, егер олар оның асырауында болса, зейнеткер жасына жеткен немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын атасы мен әжесі;

ата-анасы болмаған жағдайда, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған аға-інілері, апа-қарындастары;

асырауында әскерге шақырылушыдан басқа бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған бір және одан да көп балалары бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) тәрбиелеп отырған анаты (әкесі ) ;

өзінің асырауында жасы бойынша еңбекке қабілетсіз немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын бір және одан да көп жалғызілікті туыстары (әкесі, анасы, аға-інісі, апа-қарындасы) бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) асырап отырған анаты (әкесі);

бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып табылатын екіншісін өзі асырайтын және әскерге шақырылушыдан басқа он сегіз жасқа дейінгі бір және одан да көп бала тәрбиелеп отырған ата-анасының бірі басқа адамның көмегіне және күтіміне мұқтаж отбасы мүшелері болып табылады;

**2 ) ө з і н і н  а с ы р а у ы н д а :**

анасыз тәрбиелеп отырған баласы;

ата-анасының қайтыс болуына, сондай-ақ олардың ата-ана құқығынан айырылуына немесе соттың бас бостандығынан айыруға соттауына байланысты кемінде екі жыл тәрбиесінде және асырауында болған адамдар бар азаматтарды;

3) некеде тұрган және бір және одан да көп баласы бар азаматтарды әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады.

3. Білімін жалғастыру үшін әскери қызметке шақыру:

1) білім беру ұйымдарында жалпы орта білім алған жүрген азаматтарға, оқу кезеңіне;

2) тиісті білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім алатын, діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ басқа мемлекеттердің жоғары оқу орындарында күндізгі білім алатын азаматтарға оқитынын растайтын құжаттарды ұсынған кезде бір жоғары оқу орнын бітіргенге дейін;

3) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім алатын азаматтарға оқу кезеңіне кейінге қалдырылады.

4. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға шақыру комиссиясының шешімімен бір жылға дейінгі мерзімге беріледі.

5. Басқа себептер бойынша әскери қызметке шақыру:

1) ауылдық (селолық) жерлерде орналасқан білім беру ұйымдарының орта білімнен кейінгі немесе жоғары педагогикалық білімі бар және мамандығы бойынша жұмыс істейтін оқытушыларына, жұмыс істеп жүрген бүкіл кезеңіне;

2) тиісті білімі бар, мамандығы бойынша ауылдық (селолық) жерлерде тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлерге денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істеп жүрген бүкіл кезеңіне;

3) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттарына, олардың депутаттық өкілеттігі мерзіміне;

4) анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе сottар қылмыстық істерін қарап жатқан адамдарға, тиісінше оларға қатысты анықтау, тергеу аяқталғанға немесе сот үкімі күшіне енгенге дейін;

5) діни дәрежесі бар әскерге шақырылушыларға діни қызметі кезеңіне;

6) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын ұйымдарда мамандығы бойынша жұмысқа кірген азаматтарға, бүкіл жұмыс кезеңіне кейінге қалдырылады.

6. Офицерлер құрамының әскери атағы беріле отырып запасқа қойылған азаматтарды осы баптың 1-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында, 3-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіздер бойынша әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады.

7. Әскери жиындарға шақыру кейінге қалдырылмайды.

8. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында және 5-тармағының 6) тармақшасында көзделген негіздер бойынша кейінге қалдыруды қоспағанда, жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру кезінде азаматтарды шақыруды кейінге қалдыру тоқтатыла тұрады.

9. Жеке өтінішін және мұдделі адамдар мен халықты әлеуметтік қорғау органдарынан нотариаттық күеландырылған тиісті құжатты ұсынған кезде, осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында және 4-тармағында аталған адамдардан басқа, азаматтар әскерге шақыруды кейінге қалдырудан бас тартуға құқылы және әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

10. Осы бапта көзделген шақыруды кейінге қалдырудың негіздері жойылған азаматтар осы Занда белгіленген тәртіппен әскерге шақыруға жатады.

**Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), ҚР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.**

### **28-бап. Әскери қызметке шақырудан босату**

1. Бейбіт уақытта шақыру бойынша әскери қызметке шақырудан:

1) әскери қызметті өткерген;

2) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған;

3) жиырма жеті жасқа толғаннан кейін мерзімді әскери қызметке занды негізде шақырылмаған;

4) әскери қызметті өткери кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезеңде туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інісі немесе апа-қарындасы) қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып қалған;

5) басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызмет өткерген;

6) ғылыми дәрежесі бар азаматтар босатылады.

2. Офицерлер құрамының әскери атағы беріле отырып, запасқа қойылған азаматтар жиырма тоғыз жасқа толғаннан кейін, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1), 2), 5) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әскери қызметке шақырудан босатылады.

3. Әскери жиындарға шақырудан:

1) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырылған ұйымдарда мамандықтары бойынша жұмысқа кірген әскери міндеттілер, жұмыс істеп жүрген бүкіл кезеңіне;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында қорғанысты, қауіпсіздікті және құқық тәртібін қамтамасыз етуге байланысты лауазымдарда жұмыс істейтін адамдар;

3) мемлекеттік, азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық персоналы;

4) ауыл шаруашылығында және ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу ұйымдарында жұмыс істейтін адамдар, егіс және егін жинау жұмыстары кезеңіне ;

- 5) күндізгі нысанда оқытатын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері оку жылы кезеңіне;
- 6) күндізгі нысанда оқытатын білім беру ұйымдарында оқитындар;
- 7) әскери міндетті әйелдер;
- 8) әскери міндеттілер запасқа шығарылғаннан кейінгі екі жыл ішінде;
- 9) он сегіз жасқа дейінгі үш және одан да көп баласы бар адамдар;
- 10) өздеріне қатысты анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе сот қылмыстық іс қарап жатқан адамдар;

11) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттары болып сайланған әскери міндеттілер босатылады.

4. Осы баптың 3-тармағының 1) және 8) тармақшаларында аталған әскери міндеттілер арнаулы жиындардан өтуден босатылмайды.

5. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтар жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында әскери қызметке шақырудан босатылады.

6. Мұдделі адамдардан нотариаттық куәландырылған тиісті құжаттарды және өтінішін ұсынған кезде, осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында аталған азаматтардан басқа, әскери қызметке шақырудан босатылуға құқығы бар азаматтар олардың қалауы бойынша әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

7. Сотталғандығы занда белгіленген тәртіппен өтмелеген және алып тасталмаған азаматтар бейбіт уақытта әскери қызметке шақыруға жатпайды.

8. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген шақырудан босатудың негіздері жойылған азаматтар осы Занда белгіленген тәртіппен

ә ск е р г е	ш а қ ы р ғ а	ж а т а д ы .
--------------	---------------	---------------

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.

## 5-тaraу. КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

### 29-бап. Әскери қызмет өткери туралы келісімшарт

1. Әскери қызмет өткери туралы келісімшартты Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Құштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың уәкілетті лауазымды адамымен жасасады.

2. Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тараптың арасында жазбаша жасалады және өз қолданысын:

- 1) мерзімнің өтуі бойынша;
- 2) әскери қызметшінің мерзімінен бұрын босатылуына байланысты;

3) әскери қызметшінің әскери қызмет өткери туралы басқа келісімшартты жасасқан күнінен бастап;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатады.

3. Әскери қызмет өткери туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі мен келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

4. Әскери қызмет өткери туралы келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызмет өткери міндеттілігін қамтиды. Келісімшарттың талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар алууды қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталу құқығы көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындаған әскери қызметшілер тиісті лауазымдағы әскери қызметті әскери қызмет өткери туралы келісімшарт жасаспастан өткере ді.

Аталған әскери қызметшілер қызметінен босатылғаннан кейін Әскери қызмет өткери ережелерімен айқындалған тәртіппен әскери қызмет өткери туралы жаңа келісімшарт жасасады немесе әскери қызметтен босатылады.

6. Жоғары білімі бар және алты ай қызмет өткөрген мерзімді қызметтің әскери қызметшілері Әскери қызмет өткери ережелерінде айқындалған тәртіппен келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

### **30-бап. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар**

1. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай келуге:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы болуға;

2) курсанттарды қоспағанда, он тоғыз жастан кіші және әскери атағына байланысты әскери қызметте болудың осы Заңмен белгіленген шекті жасынан үлкен болмауға тиіс.

2. Келісімшарт бойынша әскери қызметке:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

2) дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін науқасы бар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартқан;

4) әскери қызметке кірер уақытта заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған сотталғандығы бар не өзіне қатысты қылмыстық іс қозгалған;

5) әскери қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылықта тартылған;

6) әскери қызметке кірер алдындағы бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

7) әскери қызметке кіруге дейінгі үш жыл ішінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

8) егер босатылғанына бір жыл толмаса, мемлекеттік қызметтен теріс себептермен босатылған адамдар қабылданбайды.

3. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамға қатысты арнайы тексеру жүргізіледі.

4. Адамның белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау үшін Әскери-дәрігерлік сараптама ережелеріне сәйкес медициналық куәландыру жүргізіледі. Келісімшарт бойынша әскери қызметке болмашы шектеулермен әскери қызметке жарамды деп танылған адам қабылдануы мүмкін.

5. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамнан бас тарту үшін:

1) осы балтың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді бұрмалау;

2) кандидаттың әскери-есептік мамандығы бойынша бос қызмет орындарының жоқтығы да негіздер болып табылады.

### **31-бап. Азаматтардың әскери оқу орындарына түсүі.**

**Әскери оқу орындарында оқитын азаматтармен**

**әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттар**

#### **жасасу**

1. Әскери оқу орындарына:

1) әскери қызмет өткермеген, окуға түсетін жылы он жеті жасқа толған, бірақ жиырма бір жастан аспаған азаматтардың;

2) қабылданар жылы жиырма төрт жасқа толмаған әскери қызмет өткерген азаматтардың және мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің;

3) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің түсуге құқығы бар.

Әскери даярлық бойынша қосымша бағдарламалары бар білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері әскери оқу орындарына түсуде артықшылығы бар құқыққа ие болады.

2. Курсанттың (тындаушының) әскери оқу орнына қабылданған күні оның қызметтік міндеттерін атқара бастаған күні болып есептеледі.

3. Эскери оқу орындарына қабылданған азаматтар әскери лауазымдарға Эскери қызмет өткеру ережелеріне сәйкес тағайындалады.

4. Эскери қызметті өткермеген азаматтар әскери оқу орындарына қабылданған кезде әскери қызметші мәртебесіне ие болады және олар он сегіз жасқа толғаннан кейін, бірақ әскери оқу орнында кемінде бірінші қурсты аяқтаған соң әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер әскери оқу орындарына қабылданған кезде әскери қызмет өткеру туралы жаңа келісімшарт жасасады.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген, сондай-ақ шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген немесе өткерген азаматтар әскери оқу орындарына қабылданған кезде қабылданғаны туралы бұйрық шығарылған күннен бастап әскери қызметте өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Осы Заңмен белгіленген тәртіpte әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан әскери қызметшілер әскери оқу орындарынан шығарылуға жатады.

5. Эскери оқу орындарына қабылданбаған әскери қызметшілер Әскери қызмет өткеру ережелерімен белгіленген тәртіpte әскери қызметті одан әрі өткеру үшін жіберіледі.

6. Эскери оқу орындарынан шығарылған, сондай-ақ әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан әскери қызметшілер, егер олар шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзім өткермесе, тұрғылықты жері бойынша әскери есепке қою үшін жіберіледі және кейін жалпы негіздерде әскери қызметке шақырылады. Бұл ретте үлгермеуі, тәртіпсіздігі, сондай-ақ басқа да теріс себептер бойынша немесе өз бастамасы бойынша әскери оқу орнынан шығарылған әскери қызметшілер өздерінің оқуына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндettі.

7. Әскери қызметші әскери оқу орнын бітіргеннен кейін әскери қызмет өткеруден бас тартса немесе келісімшартты өз бастамасы бойынша немесе теріс себептер бойынша бұзса, өзінің оқуына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндettі. Ұстаяға жататын сома келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін әрбір толық өткерілмеген айға барабар есептеледі.

8. Жоғары әскери оқу орындарын бітіргеннен кейін әскери қызметшілерге лейтенант әскери атағы беріледі.

**Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
Заңымен.

**32-бап. Келісімшарт мерзімі және оны жасасу тәртібі**

1. Эскери қызметті өткеру туралы келісімшарт үш жылға, бес жылға, он жылға не әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейін немесе әскери оқу орнындағы оқу мерзіміне және оны бітіргеннен кейін он жыл әскери қызметке жасалуы мүмкін.

2. Кандидаттарды іріктеу және олардың келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру тәртібі Әскери қызмет өткеру ережелеріне сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **6-тaraу. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІ ӨТКЕРУ**

### **33-бап. Әскери қызмет міндеттерін атқару**

1. Запастағы әскери қызметші, сондай-ақ азамат әскери жиындардан ету кезінде:

- 1) лауазымдық міндеттер атқарған;
- 2) жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан, төтенше немесе соғыс жағдайларында, сондай-ақ қарулы қақтығыстар жағдайларында міндеттер атқарған;
- 3) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі бітімгершілік операцияларына қатысқан;
- 4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жоюға қатысқан;
- 5) кемелердегі оқу-жаттығуларға немесе жорықтарға қатысқан;
- 6) егер бұл қызметтік қажеттіліктен туындаса, күн тәртібіне белгіленген қызмет уақыты ішінде немесе басқа да уақытта әскери бөлімнің аумағында болған;
- 7) қызметтік іссапарда болған;
- 8) қызметте, қызмет орнына бару және кері қайту жолында болған;
- 9) емдеуде, емдеу орнына бару және кері қайту жолында болған;
- 10) демалыста, демалысын өткізу орнына бару және кері қайту жолында болған;
- 11) әскери жиындардан өткен;
- 12) тұтқында, кепілдікте немесе еркінен айрылу жағдайында болған;
- 13) жеке адамның өмірін, денсаулығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғаған;
- 14) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық тәртібін сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде құқық қорғау органдарына көмек көрсеткен;

15) сот жеке адам, қоғам, мемлекет мұдделерінде жасалған деп таныған өзге де іс-қимылдар жасаған жағдайларда, әскери қызмет міндеттерін атқарушы болып есептеледі.

2. Командирлерге (бастықтарға) әскери қызмет міндеттерін атқаруға қатысы жоқ немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бүйрықтар (бұйыруға) мен өкімдер беруге тыйым салынады.

### **34-бап. Әскери қызметшілерді лауазымға тағайындау және ауыстыру**

Шақыру және келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру тәртібі, лауазымға тағайындау кезінде әскери қызметшілерге қойылатын талаптар, сондай-ақ оларды ауыстыру Әскери қызмет өткеру ережелерімен белгіленеді.

**Р Қ А О - ның ескертпесі!**

35-бап 2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі.

### **35-бап. Әскери қызмет мерзімі**

Әскери қызмет мерзімдері күнтізбелік мерзіммен есептегенде былайша белгіленеді:

- 1) мерзімді әскери қызметі әскери қызметшілері үшін - он екі ай;
- 2) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер үшін - жиырма төрт ай;
- 3) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін - әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта көрсетілген мерзім.

### **36-бап. Әскери қызметшілердің әскери қызметте болуының шекті жасы**

1. Осы Заңың 45-бабының 3-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, әскери қызметшілердің әскери қызметте болуының шекті жасы былайша белгіленеді:

- 1) подполковнику (екінші дәрежелі капитанға) дейін - қырық бес жас;
- 1-1) подполковниктерге (екінші дәрежелі капитандарға) – қырық жеті жас;
- 2) полковниктерге (бірінші дәрежелі капитандарға) - елу үш жас;
- 3) генерал-майорларға (контр-адмиралдарға) және генерал-лейтенанттарға (вице-адмиралдарға) - елу сегіз жас;
- 4) генерал-полковниктерге (адмиралдарға) және одан жоғарыларға - алпыс үш жас.

2. Шекті жасқа жеткен әскери қызметшілер Әскери қызмет өткеру ережелерінде белгіленген тәртіппен запасқа немесе отставкаға шығаруға жатады.

Жоғары кәсіби даярлығы, атқарып отырған лауазымында жұмыс тәжірибесі бар және денсаулық жағдайы бойынша әскери қызмет өткеруге жарамды әскери қызметшілерге Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірінші басшылары жаңа келісімшарт жасасу жолымен әскери қызмет мерзімін

ұзартуы мүмкін, бірақ ол бес жылдан аспауга тиіс.

**Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа өнгізіледі) Заңымен.**

### **37-бап. Әскери қызметтен босату**

1. Әскери қызметшілерді босату Әскери қызмет өткеру ережелеріне сәйкес мынадай негіздер:

1) әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенде жасы бойынша;

2) шақыру немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет мерзімінің аяқталуы бойынша;

3) әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыз немесе шектеумен жарамды деп танығаны туралы қорытындысына байланысты денсаулық жағдайы бойынша;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әскери атағынан айырылуы;

5) әскери қызметшіге бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімінің заңды күшіне енуі;

6) әскери оқу орнынан шығарылуы;

7) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуы бойынша жүргізіледі.

2. Әскери қызметті келісімшарт бойынша өткеріп жүрген әскери қызметші:

1) ұйымдық-штаттық іс-шаралар кезінде;

2) мемлекеттік органдарға (мекемелерге) қызметке ауысуына, уәкілетті органға сайлануына немесе судьялаузына тағайындалуына байланысты;

3) оның келісімшарт талаптарын орындамауына, сондай-ақ дәлелсіз себептермен қызметке шықпауына байланысты;

4) арнайы тексерістен бас тартқанда;

5) әскери қызметшіге шартты турде бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау туралы сот үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты;

6) теріс себептер бойынша мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

3. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметші:

1) келісімшарт талаптары өзіне қатысты елеулі және (немесе) жүйелі түрде бұзылған жағдайда;

### **2 ) м ы на л а р д ы ң :**

әскери қызметшінің отбасы мүшесінің медициналық көрсетулер бойынша әскери қызметші әскери қызметін өткөретін жерде тұруына мүмкін болмауы және әскери қызметшіні жаңа әскер қызмет орнына ауыстыру мүмкіндігінің б о л м а у ы ;

отбасын басқа жерге көшіру қажеттігіне байланысты әскери қызметші

күйеуінің (әскер қызметші әйелінің) әскери қызмет орнының өзгеруі;

тұрғылықты жері бойынша халықты әлеуметтік қорғау органдының қорытындысына сәйкес, денсаулық жағдайы бойынша тұрақты күтімді (көмекті, қадағалауды) қажет ететін, не бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын әкесіне, анасына, әйеліне, күйеуіне, аға-інісіне, апа-қарындасына, атасына, әжесіне немесе асырап алған адамына немесе қартайғандығына байланысты зейнетақы жасына жеткен немесе он сегіз жасқа толмаған, заң бойынша аталған азаматтар асырауға міндетті басқа адамдар болмаған кезде тұрақты                    күтім                    жасау                    қажеттігі;

әскери қызметші анысыз (әкесіз) тәрбиелеп отырған, он сегіз жасқа толмаған балаға күтім жасау қажеттігі салдарынан отбасы жағдайы бойынша;

3) Қазақстан Республикасының өкілді органдарына сайланған жағдайда;

4) судья лауазымына сайланған немесе тағайындалған жағдайда әскери қызметтен мерзімінен бұрын босатылуға құқылы.

4. Офицер әскери атағы жоқ және шақыру бойынша әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметші мынадай мән-жайлар бойынша:

1) осы Заңың 27-бабының 9-тармағына және 28-бабының 5-тармағына сәйкес кейінге қалдырудан бас тарту туралы өтініш берген адамдарды қоспағанда, отбасы жағдайының өзгеруі салдарынан кейінге қалдыру немесе шақырылудан босатылу құқығы туындаса;

2) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес шет елге шығуға құқық беретінін растайтын құжаттары болған кезде отбасы құрамында немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұратын отбасына қосылу үшін шетелде тұрақты тұруға кетсе, мерзімінен бұрын босатылуға құқылы.

5. Шақыру бойынша әскери қызметті өткеріп жүрген офицерлер құрамының әскери қызметшісі 27-баптың 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген мән-жайлар болған кезде әскери қызметтен мерзімінен бұрын босатылуға құқылы.

6. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші - қайтыс болған (қаза тапқан) күннен кейінгі келесі күннен бастап, ал сот хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған әскери қызметші сот шешімі занды күшіне енген күннен бастап әскери бөлімнің жеке құрамының тізімдерінен шығарылады.

7. Белгіленген мерзімді өткерген адамдарды әскери қызметтен босату, төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, оның қолданылу кезеңіне тоқтатыла тұрады.

8. Бір жылдан аз қызмет өткерген және әскери қызметтен осы баптың 2-тармағының 3), 6) тармақшалары және 3-тармағының 1) тармақшасы негізінде әскери қызметтен босатылған, жиырма жеті жасқа толмаған сарбаздар және

сержанттар құрамындағы келісімшарт бойынша әскери қызметшілер босағаннан кейін мерзімді әскери қызмет өткери үшін әскери бөлімдерге жіберіледі.

**Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **7-тaraу. ЗАПАСТА БОЛУ**

### **38-бап. Запасқа қою**

1. Мыналар:

1) запасқа қойыла отырып, әскери қызметтен босатылған;  
2) әскери қызметке шақырудан босатылуына байланысты әскери қызметтен өтпеген;

3) жиырма жеті жасқа толғанда шақыру кейінге қалдырылуына байланысты әскери қызметтен өтпеген;

4) әскери-есептік мамандығы бар әйелдер;

5) жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен адамдар запасқа қойылған адамдар болып есептеледі.

2. Запаста болатын адамдар әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін Әскери-дәрігерлік сараптама ережелеріне сәйкес медициналық куәландырудан етеді.

3. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған, сондай-ақ соттың үкімімен офицерлер құрамының әскери атағынан айырылған адамдарды ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдары запастың қатардағы жауынгері (матросы) әскери атағын бере отырып, запасқа қояды.

4. Әскери қызмет өткерген адамдар запасқа қойылған кезде оларға әскери-есептік мамандықты ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдары белгілейді.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдары және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган үшін әскери міндеттілердің запасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады.

6. Запаста болу әскери жиындардан өтуді, әскери қызметке шақыру ережелерін орындауды және әскери есеп бойынша міндеттерді сақтауды білдіреді.

**Ескерту. 38-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2010.05.27 № 279-IV Заңымен.**

**39-бап. Запаста болудың шекті жасы. Запас топтары**

1. Әскери міндеттілердің жасы бойынша запаста болуы екі топқа бөлінеді. Топтар запаста болу мерзімінің ұзақтығына байланысты белгіленеді.

2. Сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамындағы әскери міндеттілердің запаста болуының шекті жасы мынадай болады:

1) бірінші топта - отыз бес жасқа дейін (отыз бес жасты қоса алғанда);

2) екінші топта - отыз алты жастан қырық бес жасқа дейін (қырық бес жасты қоса алғанда).

3. Офицерлер құрамы әскери міндеттілерінің запаста болуының шекті жасы:

1) бірінші топта - қырық бес жасқа дейін (қырық бес жасты қоса алғанда);

2) екінші топта - қырық алты жастан елу бес жасқа дейін (елу бес жасты қоса алғанда).

4. Әскери міндетті әйелдер өздеріне берілген әскери атақтарына қарамастан екінші топтағы запасқа енгізіледі. Олардың запаста болуының шекті жасы былай белгіленеді:

1) сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) құрамы үшін - отыз бес жасқа дейін (отыз бес жасты қоса алғанда);

2) офицерлер құрамының адамдары үшін - қырық бес жасқа дейін (қырық бес жасты қоса алғанда).

5. Запаста болудың шекті жасына жеткен әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар әскери есептен шығарыла отырып, отставкаға ауыстырылады.

6. Соғыс уақытында Қазақстан Республикасының Президенті запаста болудың шекті жасын ұзартуы мүмкін.

#### **40-бап. Әскери жиындардан өту**

1. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтауға арналған әскери міндеттілер оқу-жаттығу, тексеру және арнаулы әскери жиындарына шақырылады.

2. Ұзақтығы бір ай оқу-жаттығу жиындарына әскери міндеттілер бес жылда бір рет шақырылады.

3. Әскери міндеттілер оқу-жаттығу жиындары арасындағы кезеңде он бес күнге дейінгі мерзімге тексеру жиындарына тартылуы мүмкін.

4. Запаста болу кезіндегі жиындардың жалпы мерзімі әскери міндеттілер үшін он сегіз айдан аспауы керек. Бұл ретте оқу-жаттығу жиындарында болудың жалпы мерзіміне тексеру жиындарында болған уақыт та есептеледі.

5. Арнаулы жиындар төрт айға дейінгі ұзақтықпен өткізіледі.

6. Әскери жиындар кезеңінде әскери міндеттілердің жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақталады, оларға республикалық бюджет есебінен орташа

Әскери міндеттінің дәлелсіз себептермен жиындар орны орналасқан жерден тыс болған уақыты әскери жиындардан өту мерзіміне есептелмейді.

#### **41-бап. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту**

1. Халықты азаматтық қорғаныс іс-шараларына тарту және соғыс кезінде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті контингент даярлау мақсатында:

1) он алты жастан елу бес жасқа дейінгі (елу бес жасты қоса алғанда) ерлер;

2) балалары жоқ немесе он жастан асқан балалары бар, он сегіз жастан қырық бес жасқа дейін (қырық бес жасты қоса алғанда) әйелдер жалпыға бірдей әскери оқыту да

н ө т к і з і л е д і .

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытуды азаматтардың жұмыс, оку орны және тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады.

2. Жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту жөніндегі бағдарламаны әзірлейді және іс-шараларға бақылауды жүзеге асырады.

### **8-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛІК ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ**

#### **42-бап. Азаматтар мен лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылығы**

1. Жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша, соның ішінде жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында, көрсетілген мерзімде жиын пункттеріне дәлелсіз себептермен келмеген азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

2. Әскери жиындардан жалтарғаны үшін, сондай-ақ әскери жиындардан өту кезінде әскери қызметте болудың белгіленген тәртібіне қарсы құқық бұзушылық жасағаны үшін әскери міндеттілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

3. Қазақстан Республикасының әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы заңнамасын бұзуға жол берген шақыру комиссияларының мүшелері, әскери қызметке шақыруға жататын азаматтарды медициналық тексеруге қатысатын

дәрігерлер, сондай-ақ басқа да адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

4. Азаматтардың әскери міндетті атқарудан жалтаруына жәрдемдесетін немесе олардың әскери қызметті өткеруіне кедергі келтіретін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

5. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары мен ұйымдардың басшылары осы Занда белгіленген талаптарды сақтамағаны, жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында шақырылған азаматтардың уақытылы келуіне кедергі келтіргені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

#### **43-бап. Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылығы**

1. Әскери қызметшілер, әскери атағы мен лауазымына қарамастан, заң алдында бірдей.

2. Әскери қызметшілер қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта б о л а д ы .

Әскери қызметшілерді әскери тәртіпті бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібі әскери жарғылармен белгіленеді.

### **9-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **44-бап. Осы Занды орындауға байланысты іс-шараларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) азаматтарды тіркеу және оларды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландырудан өткізуіді;

2) шалғай жерлерде тұратын азаматтарды медициналық және шақыру комиссияларынан өту үшін жеткізуіді және оларды әскери қызмет өткеру үшін жөнелтуіді;

3) шақыру (жиын) пункттерін жабдықтауды, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медицина және шаруашылық мүлкімен, автомобиль қолігімен, сондай-ақ байланыс құралдарымен жабдықтауды;

4) қызмет көрсететін персоналдың, медициналық және техникалық қызметкерлердің қажетті санын;

5) денсаулық сақтау ұйымдарында орындарды қамтамасыз етеді.

2. Ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылышылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Соғыс уақыты жағдайларында жұмылдыруды жүргізу жоспарларын орындау үшін жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен әскери міндеттілерді хабардар ету штабтары немесе участеклері, оларды және техниканы жинау пункттері құрылады.

4. Шақыру участеклері мен жиын пункттерінде жұмыс істеу үшін іссапарларға жіберілген, азаматтарды шақыру участеклеріне тіркеу жөніндегі комиссиялардың, шақыру комиссияларының мүшелеріне, медициналық, техникалық қызметкерлерге, сондай-ақ қызмет көрсету персоналы адамдарына осы міндеттерді атқару уақытына жұмыс орны, атқаратын қызметі және жалақысы сақталады.

Егер аталған адамдардың өз міндеттерін атқаруы іссапарлармен байланысты болса, жергілікті атқарушы органдар олардың тұрғылықты жерінен жұмыс орнына баруға және қайтуға, тұрғын үй жалдауына жұмсаған шығыстарын, сондай-ақ іссапар шығыстарын өтейді.

#### **45-бап. Өтпелі ережелер**

1. Осы Зан қолданысқа енгізілгенге дейін әскери қызметшілермен әскери қызмет өткеру туралы жасалған келісімшарттар, олар жасалған мерзімдер ішінде қолданыста болады.

2. Әскери қызметті өткеріп жүрген, келісім-шарттар жасаспаған әскери қызметшілер оларды осы Занда көзделген тәртіппен жасасады.

3. Осы Заңмен әскери қызметте болуының шекті жасы өзгертуілген әскери қызметшілер мынадай шекті жастарға:

1) полковники (бірінші дәрежелі капитандар) - елу жасқа;

2) генерал-майорлар (контр-адмиралдар), генерал-лейтенанттар (вице-адмиралдар) - елу бес жасқа;

3) генерал-полковники (адмиралдар) және одан жоғарғылар - алпыс жасқа жеткенде әскери қызметтен босатылуға немесе отставкаға кетуге құқылы.

4. Осы Зан қолданысқа енгізілгенге дейін әскери қызметке шақырудан босатылған немесе әскери қызметке шақырылуы кейінге қалдырылған азаматтар берілген босатулар мен кейінге қалдыруларды олардың қолданыс мерзімі өткенге дейін пайдаланады.

5. Запастағы немесе отставкадағы әскери қызметшілер мен азаматтардың осы Зан қолданысқа енгізілгенге дейін берілген әскери атақтары сақталады.

#### **46-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 7-баптың 4-тармағын және 35-бапты қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; N 22, 135-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 ж., N 8, 56-құжат; N 13-14, 173-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 3, 22-құжат; N 6, 71-құжат);

2) "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" 2001 жылғы 20 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 8, 57-құжат).

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК